

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

«ҒАСЫРЛАР ТОҒЫСЫНДАҒЫ АЛАШ ИДЕЯЛАРЫ» атты
халықаралық ғылыми-теориялық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, Қазақстан, 30-31 қазан, 2017 жыл

«YÜZYILLAR KAVŞAĞINDA ALAŞ FİKİRLERİ»
Uluslararası bilimsel ve teorik konferansın
MATERYALLERİ

Almatı, Kazakistan, 30-31 Ekim 2017

MATERIALS
of the international scientific and theoretical conference
«THE IDEA OF ALASH AT THE TURN OF THE CENTURY»

Almaty, Kazakhstan, 30-31 October 2017

Жалпы редакциясын басқарған

Мұтанов Ғ.М. – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры, ҚР ҰҒА академигі

Жауапты редакторлар:

Рамазанов Т.С. – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, ғылыми-инновациялық жұмыс жөніндегі проректор,
ҚР ҰҒА академигі

Кәрібаев Б.Б. – Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі

Құрастырушы

Байдавлетова М.Д. – Қазақстан тарихы кафедрасы меңгерушісінің ғылыми-инновациялық жұмыс және халықаралық байланыс жөніндегі орынбасары, PhD

«Ғасырлар тоғысындағы алаш идеялары» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдар. Алматы, 30-31 қазан 2017 ж. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 206 бет.

ISBN 978-601-04-3197-3

«Алаш» партиясы мен «Алашорда» үкіметінің 100 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдарының жинағына шетелдік және отандық ғалымдардың «Алаш» идеясы мен Алаш мәселесінің тарихи аспектілері туралы зерттеулері топтастырылды.

Жинақ тарихшы мамандарға, жоғарғы оқу орындарының студенттеріне және тарихқа қызығушылық білдіретін көпшілік қауымға арналған.

Баяндама мәтіні мен мазмұнындағы қателер үшін автор жауапты.

Алаш зиялыларының өз өмірлерін отқа салып, Отан үшін жан пида деген ұстанымдарына, халқы үшін істеген өтелмес еңбектеріне кейінгі ұрпақ қарыздар. Арттағы ұрпаққа қалдырған құнды бағыттарының маңызы күн өткен сайын арта түспесе, кеміген жоқ. Тәуелсіздік деп арманда кеткен Алаш арыстарының мұраты 1991-жылы орындалды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. "Айқан". Құрастырушылар: Ү. Субханбердина – С. Дәуітов. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995.
2. Аташ, Берік – Қуаныш Әлжан. *Ғұмар Қараиш*, Алматы, 2014: 67-де Қамзабекұлы Д. "Жәдитшілдік – ұлттық рухани серпілу негізі", *Ақиқат*, 2008, 1: 33.
3. *Әлихан Бөкейхан және Түркі дүниесі*. Құраст.: С. Аққұлы. Халықаралық Түркі Академиясы. Астана: Ғылым, 2015.
4. Жұртбай, Тұрсын. *Біртұтас Алаш идеясы*. Алматы: Орхон, 2014.
5. Қамзабекұлы, Дихан – Бауыржан Омарұлы – Амантай Шәріп. *Ұлттық әдебиет және дәстүрлі ментальдік*. Алматы: Арна, 2013, http://kitap.kz/reader/ulattyq_adebiet_zhane_dasturli_mentaldik#.
6. Қанлыдере, Ахмет (Kanlidere, Ahmet). "XIX. ve XX. Yüzyıllarda Kazan Tatarları", *Türkler*, 8-том, Анкара: Yeni Türkiye Yayınları, 2002, 415-426.
7. Қарал, Енвер Зия (Karal, Enver Ziya). *Osmanlı Tarihi*, 5-том (1789-1856), Анкара: Türk Tarihi Kurumu, 2007 (8-baskı).
8. Құрманғалиева Ержиласун, Гүлжанат. "Жәдитшілдік және Алаш зиялылары", *Алаш Мұрасы және Тәуелсіз Қазақстан атты халықаралық ғылыми-теориялық материалдары*, Түркі Академиясы Халықаралық Ұйымы; Қызылорда Облысының Әкімдігі; Қорқыт Ата атындағы Қызылорда Мемлекеттік Университеті, Қызылорда: Көкжиек, 2017.
9. Құрманғалиева Ержиласун, Гүлжанат. "Жәдит ағымының қазақ зиялыларына ықпалы", Астана, 2017.
10. Қыдыралиев, Дархан. *Мұстафа Шоқай*. Астана: Фолиант, 2007.
11. Қырымлы, Хакан (Kıymly, Hakan). "Kırım Tatarları Kimdir?" <http://www.kirimderneği.org.tr/sayfa.asp?id=456>
12. Махат, Д.А. *Баспасөз: Сталиншілдіктің Қазақстанда орнығуы (1925-1956 жж.)*. Астана: Ана тіл-Ата тарих, 2007.
13. Пірманов, Әділхан – Айжан Қапаева. *Қазақ интеллигенциясы*. Алматы: Атамұра, 1997.
14. Сомунжуоглу, Түмен (Somuncuoğlu, B. Tümen). "19. Asır Sonu 20. Asır Başlarında İdilboyu Tatarlarının Türkistan'daki Faaliyetleri", *Ekev Akademi Dergisi*, 12/37, Ankara, 2008, 321-338.
15. Тамир, Ферхат (Tamiir, Ferhat). "İsmail Bey Gaspralı'nın Kazak Aydınları Üzerindeki Tesiri", *İsmail Bey Gaspralı İçin*, Бас редактор: Хакан Қырымлы, Анкара: Kırım Türkleri Kültür ve Yardımlaşma Derneği, 2004, 655-663.

АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ ЖӘНЕ ЕЛ ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕСІ

С. Смағұлов,

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Қазақстан тарихы кафедрасының аға оқытушысы

Алашорданың ұлттық-мемлекеттік құрылыс саласындағы қызметінің алғашқы қадамдарында «халықтық милиция» түріндегі Алаш автономиясының қарулы күштерін құру мәселесіне үлкен мән берілді.

Негізі, қазақтан әскер алуға деген екі көзқарас болған: біріншісі -тарихта белгілі ұлт-азаттық көтерілістерге алып келген көзқарас. Ал екіншісі – біздің оқыған зиялыларымыздың көзқарасы: олар қазақтан әскер берейік, бірақ, олардың жағдайын қадағалап отырайық деген пікірді ұстанды. Бұл жағдайды іштен бақылау мақсатын қойған, әрі қазақ «сословиясынан» әскер алғанда оларға көптеген жеңілдіктер берілген: қазынадан ақша, мүлік, жер, үй бөлінген, соны біздің қазақтардың да пайдаланғанын қалаған. Патшалық Ресей қазақтардың жауынгер халық екенін жақсы білген, сондықтан, олар өзімізге қарсы шығады деген қауіппен қазақтарды сол заманның қару-жарағымен, жаңа әдістерімен қаруланған әскер қатарына тартпаған, Алаш азаматтары осы жағынан артта қалғанымызды алға тартып, әскерге қазақтарды беруді жақтаған. Бұл кешегі мен бүгінгі ғана емес, сол екеуін сабақтастырып, ертеңінің қамын жасау, халықты заманына сәйкес ояту еді.

Қазақ өміріне жаңалық, жақсылық әкелу жолын жан-жақты ойлаған Алаш зиялылары бастапқыда Ресей әскерінің құрамына кіріп қана олардың жетістіктерін, озат тұстарын танып, оны өз еліміздің игілігіне пайдалана алу мүмкін болатынын болжаған.

Алаш әскерін құру идеясы 1917 жылғы І-ші жалпы қазақ съезінде көтерілген, бірақ ондағы «...анархия болу қауіпі бар, сол себепті осы күнгі әскер орнына халық милициясы құрылсын» деген сөздер сол күйінде қалды. «Бірінші жалпықазақ съезі қаулысын және партия бағдарламасын дайындау кезінде ұлт зиялылары мемлекеттік дербестік мәселесіне әлі де болса үлкен сақтықпен қарағандығын байқаймыз. Оны біз желтоқсан жалпықазақ съезінде және одан кейінгі уақытта қойылған ұлттық әскер

жасақтау ... сияқты ұсыныстың орнына ... әскерлік қызметтің қазақ шындығына бейімделген түрлерін қабылдау сияқты ұсыныспен шектелуінен аңғарамыз» [1].

Алаш партиясы бағдарламасы жобасының алтыншы тармағы ел қорғау мәселесіне арналған. Әскер жасына жеткендерді жергілікті жерлерде әскер ісіне үйрету және қызмет еткізу ұсынылды. Егемен ел болу үшін әскер жасақтау қажеттігін, әскерлік жасына жеткен жастар жерінде үйретіліп, жерінде қызмет ету, әскер табына бөлгенде туысқан табына қарай бөлу, әскерлік міндетін қазақ атты милиция түрінде атқару айтылады [2].

Міржақып Дулатов өзінің «Қазақ» газетінде жарияланған «Қайтсек жұрт боламыз» деген мақаласында қазақ халқы үшін әскердің не үшін керектігін, оның автономияны алу және ел қорғаудағы маңызын, әскеріміз болса ғана тәуелсіз жұрт бола алатынымызды жан-жақты қарастырады. Бұл мәселе бойынша оның ой-толғаулары былайша өрбиді:

«Қазір дегеніне жеткен кім? Кімнің мерейі үстем болады? Кім біреудің қанжығасында кетпейді?

- Кімнің білегі жуан болса, сол жұрт болады. Кім күшті болса, сол дегеніне жетеді. Күш не?
- Күш әскер.
- Бұл заманда әскер жоқ жұрт – жұрт емес, құл. Біз қазір екі жолдың тарауында тұрмыз. Қайсысына түсетін болсақ та, ерік өзімізде. Бір жол – құлдық жолы. Әскер деген сөзден бұрынғыдай ат-тонымызды ала қашатын болсақ, осындай жігімізді ашып, жер-суымызды қорғап, билігімізді өзіміз алып қалмасақ, күні ертең бізді алдына салып айдап жүруге ие табылады. Сонда біреуге әскер бермей кете аламыз ба, шығын төлеуден құтыламыз ба? Ошақтың үш бұтынан тілеп отырған күніміз де болған, сонда бізді алдына салып айдап кетпеп пе еді. Сонда қолымыздан ешнәрсе келмей, құлдық ұрғанымыз болған. Құлдық жолы дегеніміз осы.

Екінші жол – жұрттық жолы. Осы бастан автономия алудың қамына кіріссек, милициямызды жасап алып, қарамызды көрсетсек, Алаш Орданы үкіметіміз деп тіресіп қорғасақ, бізді ешкім басынбайды. Үкіметі бар, әскері бар жұрт деп бізбен әркім есептеседі.

Автономия болуымызға, милиция құруымызға, қазына жинауымызға халықты қарсы құтыртушылар да табылатын шығар. Бірақ халық ойлану керек. Бүгінгісін емес, келер күнін ойлау керек.

Милиция неге керек? – Атасы басқа елдермен көрші болып отырмыз. Солардың бұзақылары бізге тимеу үшін керек.

- Ішкі губерниялардан күні ертең аш-жаланап босқындар келеді, солардың аяғының астында қалмау үшін керек.
- Ана жылғыдай оп-оңай алдына салып айдап кетушілер болмау үшін керек.
- Қазақ-қырғыз жерін оңай олжа қылғысы келгендерге шаңыраққа қара деу үшін керек.
- Автономиялы жұрт екенімізді жат елдерге көрсету үшін керек.

Сөз байлауы сол, әскеріміз болмаса, қазынамыз болмаса, біз автономия ала алмаймыз. Автономия ала алмасақ, жұрт болмаймыз. Қайтсек жұрт боламыз дегенді ойласақ, жауап біреу-ақ, әскеріміз болса ғана жұрт боламыз» [3].

1917 жылы 5-13 желтоқсан күндері Орынбор қаласында өткен екінші жалпықазақ съезі қазақ милициясын құру жоспарын жасап, бекітті. Съезд шешімінде милицияның әр облыстағы саны, оларды оқыту және қажетті заттармен (киім-кешек, мініс аты, қару-жарағы, т.с.с.) қамтамасыз ету тәртібі анықталды. Милицияны құру мақсатын съезд былай деп анықтады: «... осы күнде мемлекет ішінде бассыздық, талан-тараж, қырылыс-талас болып жатқанын ескеріп, қырғыз-қазақты мұндай бүліншіліктен қорғау үшін ... ешбір тоқтаусыз милиция түзеуге кірісуі тиіс...» [4].

Екінші жалпықазақ съезінің қазақтың автономиялы ұлттық-территориялық мемлекетін құру туралы шешіміне саяси баға бере келіп, Ә.Бөкейханов кейінірек (1919 жылғы 11 ақпанда) былай деп мәлімдеді: «съездің бұл шешімі қазақтар мекендеген территорияда анархияны болдырмау, өлкеде большевизмнің дамуына жол бермеу мүдделерінен туындады ... Сол кезде Россияда орын алған жағдайда қазақтардың жарияланған автономиясын жүзеге асыру мүмкін емес еді. Кезекте бостандықтың жауы – большевизммен күрес тұрды».

Алаш автономиясы аталған ұлттық мемлекетті аяғынан тік тұрғызу үшін және тек қана советтік негіздегі автономияларды ғана қорғап-қолдауға бейім тұрған «бостандықтың жауы – большевизммен күресу үшін» Алашорда көсемдері «халықтық милиция» атанған ұлттық әскер құру мен советтерге қарсы әртүрлі саяси күштермен одақтасу ісіне үлкен мән берді.

Сондықтан екінші жалпықазақ съезі милиция жасақтарын құру мәселесін жан-жақты талқылап, оның Алаш автономиясына кіретін әрбір облыс пен әрбір уездегі санын анықтап, оларды соғыс өнеріне үйрету мен қажетті қару-жарақпен және киім-кешекпен қамтамасыз ету жолдарын айқындайды.

Милиция қатарына әскери қызмет атқаруға жарамды 20 мен 35-тің арасындағы ер азаматтар негізінен еріктілік негізінде алынатын болды. Бөкей, Орал, Торғай, Ақмола, Семей және Жетісу облыстарындағы милиционерлердің жалпы саны 13500 болсын делініп, әр облыс бойынша әскер қатарына шақырылғандар саны мына мөлшерде белгіленді: Бөкей – 1000, Орал – 2000, Торғай – 3000, Ақмола – 4000, Семей – 1500 және Жетісу облысында 2000 адам. Милицияны ұйымдастыруға байланысты жұмсалатын шығын 68960000 сом болып анықталды. Бұл қаражат жоғарыда аталған алты облыстың қазақтары есебінен жиналатын болды. Милицияға қажетті қару-жарақ пен оқ-дәрі Алашорданың ұлттық қорының есебінен алынатын болды. Милиционерлерді әскери тәртіп пен өнерге үйрету үшін офицерлер мен нұсқаушыларды: 100 милиционерге бір офицер, 50 милиционерге бір нұсқаушыны шақыру белгіленді. Қазақ офицерлерін дайындау үшін Орынбор казак әскерінің тәжірибесі мен көмегін пайдалану қажеттігі съезд шешімдерінде баса көрсетілді [5].

1918 жылы маусымның 24-інде қабылданған қаулыда Алашорданың жанында үш адамнан тұратын әскери кеңес құрылғандығы жарияланды. Осы әскери кеңеске қорғаныс министрлігінің міндеттері жүктеліп, облыстар мен уездерде әскери бөлімдер ашу тапсырылды. Әскери кеңеске, – делінді қаулыда, «- жігіттерді большевиктермен күресу үшін шақыру міндеті жүктелді».

1918 жылдың маусым айында Алашорда төрағасы Ә.Бөкейханның және мүшелері М.Тынышпаев пен Х.Ғаббасовтың қол қоюымен шыққан қаулы бойынша Алашорда жанындағы Әскери кеңес құрылды. Қаулыда Әскери кеңеске Әскери министрліктің қызметі жүктелетіндігі және Кеңестің облыстық және уездік кеңестері ашылатындығы айтылған. Сондай-ақ Кеңеске большевиктермен күресу үшін Алаш әскері қатарына жігіттерді шақыру міндеті де жүктелген [6].

1918 жылы шілде айында Әлихан Бөкейханов Жаңа Семейде Алаш Орда үкіметінің іске кіріскені туралы Орынбордағы Кәдірбаевқа жіберген телеграммасында сол кездегі қалыптасқан жағдайға байланысты хабарлама жасап және Алаш милициясын құру жөнінде тапсырмалар береді: «Екінші казак-қырғыз съезінің қаулысы бойынша 11-24 июньде – «Алаш Орда» Алаш қаласында іске кірісті. Алаш Орданың обласной һәм уезной советтерін құруыңыз жөн. Осыған ұқсас управалардың, ол жок жерде комитеттердің көрсеткен ағзаларын «Алаш Орда» бекітеді. Бір ағза милиция (ел қорғаушылар) жұмысын басқарады.

Бірінші ретте өз еркімен шыққан милиция құрыңыз. Оның шамасы әр болысқа 30 жігіт, әр болыс шығарған ел қорғаушыларына ат мінгізіп, ат тұрманын мықтап берер. Ел қорғаушыларды жию ісін осы телеграмды алған күннен бастап үш жұманың ішінде үлгерту керек. Орынбор атты-казагының атаманы Дутовпен қорғаушылар үшін қару-жарақ, ат-тұрман алу, оларды үйрететін инструкторлар табу жайын кеңес. Істің барысын әлсін-әлсін бізге білдіріп тұр.

Семей мен Ақмола милиция жинау ісіне аса шұғыл кірісіп, олардан отрядтар құрылды. Ондай отрядтардың бірсыпырасы атты-казак һәм офицер (ақ гвардиялармен) қосылып Жетісу облысындағы большевиктермен соғысуға кетті.

Түркістан жағына атты-казак һәм башқұрт жігіттерімен бірге большевиктермен соғысуға аттанғаныңыз ұнайды. Бұл туралы Дутовқа телеграм берілген. Ахмет Байтұрсынов 29 июньде Қостанайға кетті. Міржақып Дулатов екі жұма шамасында мұнан шығар. Қазақтан шыққан большевиктерге ешбір рақым қылмаңыз» [7].

1918 жылы шілденің 24-інде Алашорданың төрағасы Әлихан Бөкейханов Жаңа Семейден (Алаш қаласынан) Зайсан, Көкшетау, Павлодар, Қарқаралы, Петропавл, Ақмола, Атбасар, т.б. уездердегі казак комитеттері мен земство басшыларының атына жолдаған жеделхатында Бүкілқазақтық екінші съездің шешімдеріне сәйкес Алашорданың (Алаш автономиясы үкіметінің) өз қызметіне кіріскендігін хабарлай келіп, бұл үкіметтің жергілікті органдарын, милиция жасақтарын дереу құру қажеттігін баса көрсеткен. Сонымен бірге Ә.Бөкейханов Алашорданың Сібірдің уақытша үкіметімен, Башқұрт автономиясымен одақтық қарым-қатынас орнатқандығын, Семей облысындағы халықтан жиналған салық есебінен алғашқы алаш жасақтарының құрылып, олардың Сібір үкіметінің әскерлерімен большевиктерге қарсы қарулы күрес жүргізіп жатқандығы туралы жергілікті казак комитеттеріне хабарлаған. Дәл сол күні осы мазмұндағы жеделхат Орал облысындағы казак комитеттері мен земство басқармаларына жолданған. Ә.Бөкейханов жер-жерлердегі өз жақтастарына халықтық милицияны ұйымдастыру барысында Орал және Орынбор казачестволары басшыларының (ең алдымен атаман Дутовтан) қару-жарақ пен әскери инструкторлар бөлулері жөнінен көмек сұрау қажеттігін ескерткен.

Алашорда үкіметі казактан әскер алудың тәртібін бүге-шігесіне дейін айқындап берді. Оны мына төмендегі Міржақып Дулатов «Қазақ» газетінде жариялаған құжаттан анық көреміз.

Алаш Орда бұйрығы бойынша Торғай облысының Алаш Орда бөлімі милиция алу туралы төменгі тәртіптерді шығарды:

1. Әрбір 25 үйден бір жігіт алынады. Үй саны 25-ке толмаса, жігіт алынбайды. Мысалы, бір ауылда 124 үй болса, 100-ден 4 жігіт алынады, 24 үйден алынбайды.
 2. Милицияға алынатын жігіттің жасы 20-дан кем, 35-тен артық болмасқа керек.
 3. Милицияға дені сау, мүшесінде кемшілік жоқ жігіттер алынады.
 4. Бір үйдегі жалғыз жігіт алынбайды. Үй деп списокте алым төлейтін үй айтылады. Бір үйдегі жалғыз жігіт деп әкесі я ағасының жасы 45-тен озған, інісі 17-ден кем болғандар айтылады. Әкесі, ағасы екі інісінің жастары 45-тен кем, 17-ден артық болса да, бойларында шаруаға жарамайтын кемшілігі болса, ол үйдің жігіті қызметтен азат.
 5. Бір үйде неше жігіт болса да, біреуден артық алынбайды.
 6. Ел ішінде отырған қонақ сол елмен бірге есептеледі.
 7. Милицияға өздері тіленіп кірген азаматтар алынады. Тіленіп кірген жігіттер елден алынатын міндетті милицияның санынан тысқары болады.
 8. Комиссия алдында жеребе түсіп милицияға алынған жігіттер сол сағатында орнына кісі жалдап беруге ерікті. Жалданған жігіттің жасы 20-35-те, дені сау, қызметке жарамды болуы шарт.
 9. Милицияға алынған жігіттер алты ай қызмет етуге міндеткер.
 10. Милицияға алынған жігіттерге айлық қақы беріледі. Милицияға берілетін қақының мөлшерін Алаш Орда кеседі.
 11. Әр ауылнайдан алынған жігіттерге ат, ер-тоқым тауып беру сол ауылдың өзіне міндет.
 12. Қызметке алынған жігіттің үйі ат шығынынан азат.
 13. Бір ауылнайдан алынуға тиісті жігіттер сол елдің адамдары ынтымақпен шығарып берсе жарайды. Егерде ынтымақ қыла алмаса, жеребемен (таланмен) алынады.
 14. Ел адамдары жігіттерін ынтымақпен шығарып бере алмаса жеребемен алу үшін ауылнай комиссия құрады. Ауылнай комиссияға кіретін адамдар 3-тен кем, 10-нан артық болмайды. Комиссияның председатели болосной комитет председатели болады. Өзге мүшелері сол ауылдың өз адамдарынан болады. Комиссияға әр атадан, әр партиядан адам кіреді. Комиссия өз арасынан біреуді хатшылыққа сайлап алады.
 15. Елді белгілі сроққа бір жерге жинау, күнібұрын список даярлату һәм комиссия құру болосной комитет председателине міндет.
 16. Милиция алу жұмысы уездной һәм облосной Алаш Орда бөлімшесінің бұйрығы бойынша болады. Алаш Орда бөлімдерінің бұйрығын орындамаушылар жауапқа тартылады.
 17. Списоктан жасырып қалған жігіттер жеребесіз, кезексіз қызметке алынады. Біреуді списоктан жасырып қалған ауылнайлар судқа тартылады.
 18. Бұл тәртіп жарияланбастан бұрын милициясын өзге ретпен беріп қойған елдер бұрынғы қолданған тәртіптерін өзгертпейді [8].
- 1918 жылдың басында ұлттық әскер жасақтаудың тәртібі жарияланған соң іле-шала «Қазақ» газетінде мына қуанышты хабар таратылды: «Қостанай уезінде Алаш Орда бұйрығы бойынша қазір милиция жиналып жатыр. Милицияның алды қазір Қостанайға келе бастады. Милиция беруге ешкім қарсы емес, жұрт көңілді [9].
- «Қазақ» газетінде алаш жастарын большевизммен күресте ата-бабалардың үлгісінде ерлікке, намысқа шақырған ұрандар жарияланды. Онда былай делінеді: «Ау, алаш! Сен кім? – Сен жауынгер түріктің орнын басып қалған үлкен ұлсың. Бабаларың ат үстінде жүріп, қылышпен өздерін дүниенің жартысына ие қылған, Стамбулды алған, Карпат тауларының қалың қамалын бұзған. Ер түріктің ер жүрек ұлдары, сілкін, ат тұрманыңды даярлап атқа мін, жауға аттан!
- Жауың кім? Жауың – большевик. Большевик тұқымы құрымаса Россия мемлекетінде тыныштық болмақшы емес.
- ... Ортақ жау – большевикке қарсы жорыққа аттану кеудесінде жаны, денесінде бабалары түріктің титтей қаны болған алаш азаматына парыз. Өз тізгінім өзіме, жұрт боламын десең атқа мін, қолыңа қару-жарақ алып, большевикке қарсы шығып, өзіңнің ерлігіңді іспен көрсет. Елден ер жүректі жігіттер шықса, құрал тауып жасандыру іс басында, Орда ішінде отырғандар міндеті.
- Романов патшаларының ызғарлы билігі астында тұрғанда тот басқан қылыш пен найзанды шығар, терзесі тең елмен қатар сен де ат жалын күш, соғыс майданында жиылған жұртқа баяғы батыр бабаларыңның ойынын көрсет!
- Намыстан, жас алаш! Ұлтыңның қадірлі ұлдарыңның қанын тегін жіберме! Қолыңда мылтығы бар адам осы заманда «ер» атанып жүр. Большевик дегендер кешегі байлардың есігінде жүрген, шандыры созылған өңсең малай. Қолына мылтық алса еркін даланың ерігіп өскен, астына ұшқыр ат мінген ер жігіттерінің қолынан нелер келмес [10].

Ә. Бөкейхановтың 1919 жылғы ақпанның 11-інде Колчак үкіметінің ресми делегациясымен жүргізген келіссөздерінде келтірілген мәліметтеріне қарағанда сол кезде азамат соғысы майдандарында Қызыл Армияға қарсы күреске қатысқан Алаш қарулы күштерінің саны 3000-нан асқан.

Алашорда әскерінің құрылуы мен қызметінің мерзімдік шеңбері 1918 жылдың басынан бастап 1919 жылдың аяғына дейінгі аралықты толық қамтиды. Съезден кейін әскер құру процесі бес-алты айға созылды. Съезд 13 мың 500 адамды милицияға алу қажет деп есептеді. Оны әр облысқа шағып, шығынына дейін есептеді. Бірақ большевиктер ірі қалалардың барлығын басып алған кезде милиция құрып үлгермей қалды. Көктемде большевиктер шегіне бастағанда қайтадан әскер, милиция жинақтап, оларға әр болыс, әр ауылдан жеке-жеке басшы сайлап, мәселесін жүйеледі. Батыс өңірде, Торғай өңірінде, Семей өңірінде әскер жинақтау жақсы қолға алынды. Ал большевиктер күшейген Жетісу, Сырдария өңірінде біршама кешеуілдеді. Әлихан Бөкейханов Колчак үкіметімен келіссөз жүргізгенде одан «Алаш милициясы дегендеріңіз не?» деп сұрайды. Сонда Әлихан Бөкейханов «Милиция – ұлттық армиямыз» деп жауап берген. Алашта 5 мыңға жуық әскер жасақталған. Қазіргі ғылыми әдебиеттерде 12 полк болды деп жазады.

Алаш немесе Алашорда әскері бастапқыда «халық милициясы», «халық әскері», «алаш әскері», «қазақ полкі» сияқты әртүрлі атаулармен аталды. Бастапқы қолданыстағы «милиция» сөзінің астарында елдің тыныштығы мен қауіпсіздігін қорғайтын әскер ұғымы жатқаны анық. II-ші жалпы қазақ съезінде халық әскерінің әр облыс, уезд орталықтарындағы саны, оларға соғыс өнерін үйрету, қажетті қару-жарақ, қаржы, көлік және тағы басқа заттармен қамтамасыз ету тәртібі анықталып, «26 500 адам тіркелген халықтық милиция құру қажет» деген қаулы қабылданады. Бұл идеяны Жақып Ақбаев ұсынған болатын. Съезд қаулыларында нақты көрсетілгендей, Алаш әскерін құру үшін алдымен милицияға алынатын адам санын анықтау, оларды қару-жарақ, ат-көлікпен қамтамасыз ету, әскери мамандар (офицерлер мен инструкторлар) даярлау жұмысын айқындап, оған қажетті қаражатты 6 облыстың қазақтары есебінен жинайтын болды.

Жалпы, Алаш әскерінің іс-қимылдары билікке келген большевиктерге қарсы 3 бағытта жүргізілді: 1) оңтүстік-шығыс бөлімі (Жетісу); 2) шығыс бөлімі (Семей); 3) батыс бөлімі (Орал). Ал әскердегі қазақ полктерінің саны шамамен 12-ге жеткен. Олардың ұрыс қимылдары Алашорда үкіметі құрылғаннан кейін күшейді.

«Большевизмге қарсымыз» деген саяси мәлімдеме жариялап, оларға қарсы кез-келген саяси топ, қарулы күштермен одақ болды. Солардың бірі – ақ гвардияшылар. Сол себепті Алаш әскері алғашқы кезеңде олармен одақтасты.

Кейін Ресейде пайда болған әртүрлі үкіметтер Алашорданы мойындамаған соң Торғай алашордашылары большевиктермен келісімге келіп, ақыры большевиктердің алашордашыларға рақымшылық жасауына ұласты. Ең соңынан большевиктер жағына өткендер – Батыс Алашорда, Семей, Жетісу алашордашылары. Алаш жасағының ақырғы кезі деп олардың большевиктерге қосылған сәтін айтамыз ба? деген сұраққа жауап берер болсақ бір жайтты ескеру керек. 1919 жылдан бастап Сібір үкіметі Алаш әскерін қаржыландырмай қойды. «Бізді ақша, азық-түлік, киім кешекпен қамтамасыз ете алмай жатыр, әскерді не істейміз, таратамыз ба» дейтін көптеген қатынас хаттары да бар. Көп әскер сол кездің өзінде тарап кеткен. 1920 жылы наурыз айында Батыс Алашорданы тарату жөнінде Қазақ революциялық комитетінің жарлығын Алашорданың тұтасымен тарауы деуге болады. Алашорданың таратылуымен бірге ол құрған «халықтық милиция» бөлімдері де таратылды.

Кезінде Ахмет Байтұрсынов Қазақстанда арнайы әскери округ құрып, әскерді тек қазақтардан жасақтауды ұсынған болатын. Оның осынау көкейге қонымды тұжырымын Тұрар Рысқұлов Түркістан жағдайына бейімдеп, егемен, кеңестік Түрік Республикасында мұсылман-түрік армиясын құруды және оны түркі тілдес халықтардан жасақтауды, ал мұсылман емес халықтардан тұратын Қызыл Армияны Түркістаннан алып кетуді ұсынды.

Қорыта келгенде, Алаш жетекшілері қазақ халқын аман сақтап қалу қағидасын ұстанды, сол үшін ұлттық әскер құрып, ел қорғауға зор маңыз берді. Әлихан Бөкейханов «Ұлттық әскері, ұлттық милициясы жоқ халық – қорғансыз ел» десе, Міржақып Дулатов «Ұлт әскері – ұлт қорғаны» екендігіне баса назар аударды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы, 1995. 311-б.
2. Қазақстан тарихы. Бес томдық, 4-том. – Алматы, 2010. 121-б.
3. «Қазақ» газеті. – Алматы, 1998. 441-442-бб.
4. Нұрпейісов К. Алаш хәм Алашорда. – Алматы, 1995. 154-б.
5. Бұл да сонда, 159-б.

6. Алаш қозғалысы. Энциклопедиялық анықтамалық. Құраст.: Е.Е.Тілешов, Д.Қамзабекұлы, И.Нұрахмет. – Алматы: Сардар, 2012. 410-бет.
7. «Қазақ» газеті. – Алматы, 1998. 431-б.
8. «Қазақ» газеті. – Алматы, 1998. 438-б.
9. «Қазақ» газеті. – Алматы, 1998. 438-б.
10. «Қазақ» газеті. – Алматы, 1998, 430-б.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БОЛЬШЕВИКТІК САЯСИ ЖҮЙЕГЕ ҚАРСЫ ҰЛТТЫҚ САЯСИ ЭЛИТА ҚЫЗМЕТІ

Л.М. Хасанаева, А.М. Уразбасва,
т.ғ.к., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценттері

Қазан төңкерісінің жеңісінен кейін ұлттық, ең алдымен ұлттық-мемлекеттік құрылыс мәселелері кеңінен талқылана бастады. Кеңес өкіметінің ұлттық саясатының негізгі принциптері маңызды екі құжатта 1917 жылы 2 қарашада қабылданған Ресей халықтары құқықтарының -декларациясында және 1917 жылы 20 қарашада жарияланған кеңес үкіметінің "Барлық Ресей және Шығыс мұсылман еңбекшілеріне" үндеуінде көрініс тапты.

1918 жылы қаңтарда кеңестің Бүкілресейлік 3-съезінде В.И. Лениннің дайындаған "Еңбекшілер мен қаналған халықтардың құқықтары Декларациясы" қабылданды. Бұл құжатта Коммунистік партияның кеңестік республикасының мемлекеттік құрылымы түріндегі кеңестік федерацияны жақтайтыны айқын көрсетілді. Декларацияда "Кеңестік Ресей Республикасы еркін ұлттар одағының негізіндегі кеңестік ұлттық республиканың федерациясы түрінде құрылады" делінген [1].

РКФСР құрылғаннан кейін елдің Шығысында жаңа автономиялық республикаларды құруға дайындық жұмыстары басталды. Большевиктік ұйымдар, Қазақстан және Түркістанның Кеңестері кеңестік Бүкілқазақ бүкілтүркістандық съездерін шақыруға дайындала бастады. Қазақстанда кеңестердің Бүкілқазақ съезін шақыруға дайындық жұмыстары кеңес өкіметін нағайту процесімен қатар жүргізілді.

Мұның өзі шын мәнінде кеңестік мемлекеттікті құру және оны орнықтыру үшін күрес жүргізгенін көрсетіп берді. Ұлттық саяси элита мемлекет құру процесінің кеңес өкіметінің мүддесіне қарай бағыт алумен келісе алмады. Алаш партиясы және оның басшылары кеңестік негіздегі қазақ мемлекетінің құрылуы туралы бастаманы мойындағылары келмеді. Мұндай қарсылықтың себептері төмендегі мәселелерге байланысты еді: ұлттық саяси элитаның бір тобы негізінен тәуелсіз ұлттық автономия құруды жоспарласа, екіншісі қазан мүлде төңкерісін қабылдамады. Сондықтан да "Алаш" өкілдері ұлттық мемлекет құру үшін күрес жүргізді.

Алайда большевиктер партиясы Ақпан революциясынан кейін өз тәуелсіздігі үшін күреске шыққан старлық езгідегі халықтарға тек кеңестік негіздегі автономия беретіндігін мәлімдеді. Бұған дәлел В.И.Ленин және И.В.Сталин Түркістан кеңестерінің съезіне жолдаған жеделхатында былай деп жазды: "Халық комиссарлары кеңесі сіздердің өлкелеріңіздің кеңестік негіздегі автономия болғандығын қолдайды" [2].

В.И.Лениннің осындай пікірін сол кездегі ұлт істері бойынша халық комиссары И.Сталин бұл дегеніңіз белгілі бір ұлттың автономия алуы емес, кеңестік билікті қолдайтын жұмысшы және шаруалардың автономия алуы деп бұрмалады. В.И.Ленин мұндай тұжырымға төзбейтіндігін ашық білдіріп, өз пікірін былайша нақтыландырды: "ұлттардың өзін-өзі билеуін алып тастап, еңбекшілердің өзін-өзі билеуі мүлде теріс, өйткені мәселені былайша қою ұлттардың ішіндегі жіктелудің қандай қиыншылықтармен, қандай бұралаң жолдармен жүріп жатқанын есепке алмайды. Ал еңбекші шаруаның өзін-өзі билеуін айту, тек пролетариаттың өзінің таптық мүдделерінің буржуазия мүдделерімен ешқашан да сәйкес келмейтіндігін біржола көзі жеткенде ғана, мұндай деңгейге әлі жете алмаған халықтар өзін-өзі билеу құқығын талап етсе, онда мұндай талаптың толық заңдылығын мойындаудан бас тарта алмаймыз" [3].

Ұлт мәселесіне байланысты Орта Азияда қалыптасқан жағдайға орай В.И. Ленин: "Осы уақытқа дейін өз молдаларының ықпалында қалып отырып қырғыз, өзбек, тәжік, түрікмен сияқты халықтар арасында біз не істей аламыз? Біз осы халықтарға барып: "біз сіздердің қанаушыларыңызды лақтырып тастаймыз!"- деп айта аламыз ба? Біз мұны істей алмаймыз, өйткені олар бүтіндей өз молдаларына

МАЗМҰНЫ:

АЛҒЫ СӨЗ Ғ.М. Мұтанов	3
-----------------------------	---

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС/ ПЛЕНАРНОЕ ЗАСЕДАНИЕ

Перуашев А.Т. Құттықтау сөз.....	4
Хюлия Касапоғлу Ченгел. Түркістан әдебиетінде Алаш	5
Қабылдинов З.Е. XIX ғасырдың басындағы Алаш зиялылары және қазақ мүддесі.....	8
Жапаров Б.Ә. Алаш қозғалысы тарихының дереккөздері ҚР Президенті архивінің қорларында: жинақталуы, сақталуы және жариялануы	11
Омарбеков Т. 1917 жыл: қазақ ұлттық интеллигенциясының көзқарастары	13
Махат Д. Алашордашыл оқығандардың салт-санасын әдебиет жүзінде іске асырушы.....	19

ПАНЕЛЬДІК МӘЖІЛІСТЕР / PANEL SESSIONS

БІРІНШІ ПАНЕЛЬ/ FIRST PANEL

НАКИМ Meryem. Uluslararası gelişmeler ışığında alay aydınlarının entellektuel bilgeliği hakkında.....	27
Шашаев Ә.Қ., Селкібаева А.Т. Қазақ зиялыларының XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы ғылыми- ағартушылық қызметтері	30
Оразов Р.Е. Алаштық идеяда қызмет еткен Базарбай Мәметов.....	36

ЕКІНШІ ПАНЕЛЬ / SECOND PANEL

Жеменей И. Алаш және ұлттық саяси психология	40
Абдиров М.Ж. Народно-освободительное движение казахского народа и движение «Алаш»: единство идеологии и целей	45
Тасилова Н.А., Ахметжанова А.Т. Ә. Бөкейханның Ф.А. Щербайна экспедициясындағы қызметі мен қазақ тарихын зерттеуге қосқан үлесі.....	53

ҮШІНШІ ПАНЕЛЬ / THIRD PANEL

Құрманғалиева Ерджиласун Г. Түркі әлемінде ағартушылық сананың ояну үрдісінде Алаш.....	56
Смағұлов С. Алаш қозғалысы және ел қорғау мәселесі	60
Хасанаева Л.М., Уразбаева А.М. Қазақстандағы большевиктік саяси жүйеге қарсы ұлттық саяси элита қызметі.....	65

ТӨРТІНШІ ПАНЕЛЬ / FOURTH PANEL

AKMAN ACUNGİL Fulya. Türkiye’de Alay arařtırmaları	69
Қозыбақова Ф.А. Кеңес Нұрпейіс және Алаш тарихы.....	72
Сағынғалиев Д. Алаш қайраткерлерінің ағартушылық қызметі мен ұлттық идеясының сабақтастық мәселелері.....	75

БЕСІНШІ ПАНЕЛЬ / FIFTH PANEL

САЙЛАН Б. Алаш қайраткерлерінің ықпалымен іргесі қаланған қазақ жастарының алғашқы ұйымдары	77
Алтымышова З. «Алаш» партиясының Кыргызстандағы филиалының жетекчиси	81
Абдыкерим Сыдыков	81
Қозғамбаева Г.Б. Алаш зиялылары және олардың шығармашылық мұраларының ақталуы жайында.....	85